

Жұмыспен қамтудың жол картасы

Жұмыспен қамтудың жол картасының негізгі мақсаттары:

1) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу;

2) елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту есебінен жұмыс орындарын құру және халықтың табысын қамтамасыз ету;

3) жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру үшін азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын дамыту және кеңейту.



PRIMEMINISTER.KZ

**ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ
ЖОЛ КАРТАСЫ**

ЖҚЖК АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА

6 500 ЖОБА

ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ, 2020 ЖЫЛЫ

255 000

**ЖУЫҚ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ
ҚҰРЫЛАДЫ**

**ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОБАЛАР КЕЛЕСІ
САЛАЛАРДА ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ:**

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

89 000 АДАМ

ТҚШ САЛАСЫ

58 000 АДАМ

**ИНЖЕНЕРЛІК КӨЛІК
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ
САЛАСЫ**

62 000 АДАМ

АБАТТАНДЫРУ

46 000 АДАМ

ОРТАША ЖАЛАҚЫ

90 000 ТЕҢГЕ

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ **103 мың** ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛДЫ,
90,7 мың АДАМ ЕҢБЕККЕ ОРНАЛАСТЫ

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Жол картасында мынадай бағыттар көзделеді:

- ▶ 1) әлеуметтік-мәдени, инженерлік-көліктік, өндірістік (индустриялық) инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің жалпы құрылысы және арнайы жұмыстары бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру;
- ▶ 2) отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісін дамыту және жұмыс орындарын құру үшін кәсіпкерлік субъектілерін қолдау.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мынадай объектілер бойынша жүзеге асырылады:

- ▶ 1) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, бос уақыт және демалыс, халыққа қызмет көрсету объектілері;
- ▶ 2) азаматтық құрылыс объектілері, сумен жабдықтау, кәріз, газбен, жылумен, электрмен жабдықтау жүйелерінің объектілері, қалалық автомобиль жолдары, кентішілік және ауылішілік жолдар, кірме жолдар, тротуарлар;
- ▶ 3) суару жүйесінің объектілері, бөгеттер, дамбылар мен көпірлер, арналар, су шаруашылығының объектілері мен құрылыстары, өзге де су жобалары;
- ▶ 4) тұрғын үй кешендерінің, жеке үйлердің, жатақханалардың, кеңсе ғимараттарының және өзге де қоғамдық және коммуналдық құрылыстардың объектілері.

Қорытынды

- ▶ 2022 жылы Жұмыспен қамтудың 2021-2022 жылдарға арналған жол картасы (ЖҚЖК) шеңберінде 12,3 мың жұмыс орны құрылды, олардың басым бөлігі іске асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобалар шеңберінде қамтамасыз етілді.
- ▶ ЖҚЖК жобалары 4 негізгі бағытқа бөлінген:
 - ▶ – халықтың өмір сүру сапасын арттыру;
 - ▶ – ШОБ үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру;
 - ▶ – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту;
 - ▶ – өңірлерде бизнесті дамыту.
- ▶ Қазіргі уақытта ЖҚЖК бірінші бағыты аясында құрылыс жұмыстары 248 инфрақұрылымдық жобада жүргізілуде, оның ішінде 43 жобада (Жамбыл облысында – 25, Шымкент қаласында – 6, Павлодар облысында – 4, Қостанай облысында және Батыс Қазақстан облысында – 2 және Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында 1-ден) құрылыс жұмыстары аяқталды және оларда 382 тұрақты жұмыс орны құрылды (Нұр-Сұлтан қаласында – 125, Қостанай облысында – 103, Жамбыл облысында – 90, Атырау – Шығыс Қазақстан – 30 және Шымкент қаласында – 27).